

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 шілдедегі N 660 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 12 шілдедегі
N 660 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты МАЗМҰНЫ

К і р і с п е

1. Әлеуметтік-экономикалық жағдай
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану саясаты
3. Бюджет жүйесін жетілдіру
4. Фискалдық саясаттың мақсаттары мен міндеттері
5. Кірістер саясаты
6. Шығындар саясаты
7. Бюджеттік кредит беру
8. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар
9. Бюджетаралық қатынастар
10. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты (бұдан әрі - Орта мерзімді фискалдық саясат) Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2005 жылғы 18 ақпандағы " Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында",

2006 жылғы 1 наурыздағы " Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында" және 2007 жылғы 28 ақпандағы»"Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты Қазақстан халқына жолдауларын (бұдан әрі - Мемлекет басшысының Жолдауы) ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 80 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 1641 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Ұлттық қордың тұжырымдамасы) , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 маусымда N 521 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007 - 2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (1 кезең) (бұдан әрі - Орта мерзімді жоспар), Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды көрсеткіштерінің және үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік реттеуіштердің болжамы, мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар мен басқа стратегиялық және бағдарламалық құжаттар негізінде әзірленді.

Осы құжатта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған фискалдық саясатының негізгі мақсаттары, міндеттері мен бағыттары айқындалған.

Орта мерзімді фискалдық саясат республикалық бюджетті қалыптастырудың негізі және мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде салық және бюджет саясатын іске асырған кезде үйлестіруші құжат болып табылады.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.21. N 396 қаулысымен.

1. Әлеуметтік-экономикалық жағдай

Ескерту. 1-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.25. N 823 , 2007.05.21 . N 396 , 2007.10.16. N 953-2 қаулыларымен.

Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2007 - 2009 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды көрсеткіштерінің болжамдары Орта мерзімді жоспарда айқындалған.

2003 - 2005 жылдары Қазақстан экономикасы қарыштап өсті. Осы жылдары жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) жылдық орташа өсу қарқыны 9,5%-ды құрады.

2003 - 2005 жылдары қаржы нарығының барлық сегменттерінің тұрақты дамуы елдің ішкі кредит нарығын елеулі түрде жандандыруға және өндірістік сектор мен қызметтер көрсету секторын дамытуға бағытталатын ақшалай қаражаттың мөлшерін арттыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (Ұлттық Банк) халықаралық резервтері және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (Ұлттық қор) қаражаты 2005 жылдың соңына қарай 15084,4 млн. АҚШ долларына дейін өсті.

Қазақстан экономикасының дамуы үшін сыртқы факторлар қолайлы болды. 2003 - 2005 жылдары сыртқы сауда айналымының жылдық орташа өсуі 40,9%-ды құрады, қазақстандық өнімнің экспорты орта есеппен 42,6%-ға, импорт - 38,5%-ға артты.

Импорттың жалпы көлеміндегі инвестициялық тауарлар 2005 жылы 8412,2 млн. АҚШ долларын немесе 48,5%-ды құрады (2004 жылы - 5871,0 млн. АҚШ доллары немесе 45,9%) .

2003 - 2005 жылдары республикамызға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 19,3 млрд. АҚШ долларынан асып түсті. Бұл ретте 2005 жылы республикамызға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 6,4 млрд. АҚШ долларын құрады.

Экономиканың өсуіне өнеркәсіп елеулі үлес қосты. Үш жыл бойы өнеркәсіп өнімін өндірудің жыл сайынғы өсуі орта есеппен 8,0%-ды құрады, оның ішінде, тау-кен өндіру өнеркәсібі - 8,9%, қайта өңдеу өнеркәсібі - 7,7%, электр энергиясын, газ бен суды өндіру мен тартуда - 4,8% .

Ауыл шаруашылығы өнімінің жылдық орташа өсуі 2003 - 2005 жылдары 2,9%-ды құрады, оның ішінде өсімдік шаруашылығында - 1,1%, мал шаруашылығында - 5%.

Қызметтер секторында кәсіпорындар мен ұйымдар 2003 - 2005 жылдары көрсеткен қызметтері орташа 28,5%-ға өскен байланыс саласында ең көп өсу қамтамасыз етілді.

Өткен үш жылда көліктің барлық түрлерімен тасымалдаудың орташа өсу қарқыны 108% - ды құрады .

Нақты жалақының мөлшері 2003 - 2005 жылдары орта есеппен 11,2%-ға ұлғаюы халықтың нақты ақшалай табысының жыл сайын орта есеппен 12,1%-ға артуына ықпал етті .

Жұмыссыздардың саны 2003 жылы 672,1 мың адамнан 2005 жылы 639,3 мың адамға қысқарды. 2003 жылы 8,8%-ды құраған жұмыссыздық деңгейі 2005 жылы экономикалық белсенді халық санының 8,1%-ына дейін қысқарды.

Соңғы үш жыл бойы 2003-2005 жылдар ішінде инфляцияның орташа деңгейі 6,4 - 7,6% дәлізінде болды .

Тұтастай алғанда инфляциялық процестерді реттеу кешенді инфляцияға қарсы саясатты әзірлеу мен іске асыру жолымен жүргізіледі.

Әлемдік экономиканың қазіргі жағдайы Қазақстан үшін барынша қолайлы конъюнктурамен сипатталады, бұл шикізат тауарлары экспортының серпініне оң әсерін тигізуде .

Қазақстан экспортының аса маңызды баптарына әлемдік баға деңгейінің жоғары болуы, экспорттық пайданың өсу шарты болып отыр. 2001 жылмен салыстырғанда экспорттың номиналды өсуі 2005 жылы 3,2 еседен астамды құрады.

Дүниежүзілік банктің деректері бойынша әлемдік экономиканың өсуі 2005 жылы 4,8%-ды, 2006 жылы 5,4%-ды құрады. 2007 және 2008 жылдары ол, болжам бойынша 4,9% - ды құрайды .

ЖІӨ жылдық нақты өсуі 2007 - 2009 жылдары 9,5%-ды құрайды, бұл 2008 жылы

2000 жылға қатысты ЖІӨ-ні еселеу жөніндегі стратегиялық міндетті шешуге мүмкіндік б е р е д і .

Жан басына шаққандағы ЖІӨ-ні 2009 жылға қарай 9393 АҚШ доллары деңгейіне жеткізу жоспарланып отыр, бұл 2005 жылдың деңгейінен 2,5 есеге артық.

Өнеркәсіп өнімін өндірудің өсу қарқыны 2007-2009 жылдары орта есеппен 7%-ды к ұ р а й д ы .

Қызметтер көрсетуде сауда, көлік, байланыс, сондай-ақ кәсіпорындарға көрсетілетін түрлі қызметтер барынша көп үлес алады. 2007-2009 жылдары осы салалардың одан әрі өсуі күтілуде. Көлік қызметтері орта есеппен 7,1 %-ға, ұсынылатын байланыс қызметтерінің көлемі 26,2%-ға артады. Сауда саласында қызметтер орта есеппен 9,5%-ға өседі.

Жоспарланып отырған кезеңде ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің өсуі орта есеппен 104,3%-ды, құрылыс жұмыстары көлемінің өсуі - 122%-ды құрайды.

Инвестициялық сұраныстың кеңеюі, бірінші кезекте, кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен алынатын инвестицияларды қаржыландырудың ішкі көздерімен байланысты болады. Негізгі капиталға инвестициялар көлемінің өсу қарқыны жоспарланып отырған кезеңде орта есеппен 111,5%-ды құрайды.

Сауда теңгерімінің оң сальдосы 2007 - 2009 жылдары жылына орта есеппен 7,8 млрд. А Қ Ш долларын құрайды .

2007 - 2009 жылдары экономика дамуының жоғары қарқынын қамтамасыз ету үшін экономиканың өсуінің барлық негізгі факторларын дамытудың қолайлы макроэкономикалық жағдайы жасалатын болады.

1-кесте

Ескерту. 1-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.10.16. N 953-2 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2007-2009 жылдарға арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы

Көрсеткіштің атауы	2007	2008	2009
ЖІӨ, млрд. теңге	13 315,2	15 249,4	18 145,0
ЖІӨ-нің нақты өзгеруі, өткен жылғы %-бен	109,7	109,6	109,2
Тауарлар экспорты, млн. АҚШ доллары (ФОБ)	45 862,2	50 201,7	57 213,9
Тауарлар импорты, млн. АҚШ доллары (ФОБ)	33 174,1	43 519,7	51 560,6
Мұнай және газ конденсатын өндіру, млн. тонна	65,0	70,0	78,0
Мұнайға әлемдік баға (Brent коспасы), бір баррелі үшін АҚШ доллары	69,5	60,0	60,0

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану саясаты

Ескерту. 2-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.21. N 396 қаулысымен.

Елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, болашақ ұрпақ үшін қаржы қаражатын жинақтау, қолайсыз сыртқы факторлардың әсеріне экономиканың тәуелдігін азайту мақсатында 2001 жылы Ұлттық қор құрылды.

Ұлттық қор құрылған сәттен бастап мұнай секторынан түсетін кірістердің шамамен 48%-ы қорға жіберілді және 2005 жылдың соңында шамамен 8,1 млрд. АҚШ доллары сомасында активтер жинақталды, бұл ЖІӨ-ге 14,5%-ды құрайды.

2007 - 2009 жылдары мұнайға жоғары бағалардың сақталуы жоспарланып отыр. Бір жағынан бұл, экономиканың дамуы үшін тұрақты және жеткілікті қолайлы алғышарттар жасайды. Сонымен бірге, бұл жағдайда экономикаға "инфляциялық қысым" артады. Бағалардың қолайсыз конъюнктурасы кезеңінде мемлекеттің қаржылық міндеттемелерін қолдау үшін макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ бағалардың қолайлы конъюнктурасы кезеңінде қаражат жинақтау және болашақ ұрпақты қамтамасыз ету үшін мұнайға әлемдік бағалардың айтарлықтай өсуі салдарынан алынатын кірістердің бір бөлігін Ұлттық қорда жинақтау ж а л ғ а с а т ы н б о л а д ы .

2006 жылғы 1 шілдеден бастап Ұлттық қордың тұжырымдамасына сәйкес Ұлттық қордың жұмыс істеуінің жаңа жүйесі енгізілді.

Республикалық бюджет пен Ұлттық қор арасында мұнай түсімдерін бөлудің оңтайлы теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында теңгерімді бюджет әдісі әзірленді, онда мұнай секторының кірістері толығымен Ұлттық қорға жіберілуде, ал республикалық бюджеттің кіріс бөлігі мұнай емес сектордың есебінен қалыптастырылуда.

Теңгерімді бюджет әдісі

(Кестені қағаз мәтіннен қараңыз)

Ұлттық қорды қалыптастырудың негізгі көздері мыналар болып табылады: мұнай секторынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда), оған корпорациялық табыс салығы, үстеме пайдаға салынатын салық, роялтилар, бонустар, өнімді бөлу жөніндегі үлес, экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын ренталық салық жатады. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мұнай секторы төлейтін басқа да салық түрлері тиісті бюджеттерге есептелуге жатады. Бұл ретте, мұнай секторының кәсіпорындарына шикі мұнай мен газ конденсатын өндірумен және (немесе) сатумен айналысатын барлық заңды тұлғалар жатады;

республикалық меншіктегі және кен өндіру мен өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

Ұлттық қорды басқарудан түсетін инвестициялық кірістер;
Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер .

Ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға арналған республикалық бюджеттің шығыстары экономиканың мұнай емес бөлігінен республикалық бюджетке аударымдар есебінен қаржыландырылуда, ал бюджеттік даму бағдарламаларына шығыстарды қаржыландыру Ұлттық қордан кепілдік берілген трансферт есебінен жүзеге асырылуда. Бұл ретте, бюджеттің шығыс бөлігінің белгілі бір үлесі, оның ішінде белгіленген шектеулер шеңберінде қарыз алу есебінен жабылуы мүмкін.

Кепілдік берілген трансферт шегінде мұнай түсімдерін пайдалану салмақты фискалдық саясат жүргізуге мүмкіндік береді, өйткені салық режимін ырықтандырудан "таза" бюджеттік әсер көрінеді, бұл әдетте, мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін үстеме кірістер есебінен бұрмаланған.

Ұлттық қордан кепілдік берілген трансферттің мөлшері үш жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімімен бекітілуде және осы кезең ішінде өзгеріссіз қалады .

Ұлттық қордың тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі тұтыну мен жинақтар арасындағы оңтайлы үйлесімнің сақталуын, экономиканың шикізат емес секторын дамыту үшін қолайлы макроэкономикалық жағдай жасауды, мұнай кірістерінің едәуір бөлігін жинақтауды және Ұлттық қордың сарқылуына жол бермеуді, қор қаражатын қалыптастыру мен пайдалану тетігін жетілдіруді ескере отырып, мұнай кірістерін оңтайлы пайдаланудың қажеттігіне негізделеді.

3. Бюджет жүйесін жетілдіру

Ескерту. 3-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.25. N 823 , 2007.05.21 . N 396 қаулыларымен.

Бюджет жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңы қабылданды .

Бюджет заңнамасын және тұтастай алғанда, бюджет жүйесін жетілдіру саласында осы заң жобасының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) мұнай емес түсімдер есебінен теңгерімді бюджетке қол жеткізуге біртіндеп көшу.

Ұлттық қордың тұжырымдамасын іске асыру мақсатында жаңа ұғымдар - " шоғырландырылған бюджет" және "мұнай емес тапшылық" енгізіледі.

Шоғырландырылған бюджет республикалық бюджеттен, облыс бюджетінен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен, мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерден және оларды Ұлттық қорға аударудан тұрады.

Бюджеттің мұнай емес тапшылығы Ұлттық қордан түсетін түсімдерден басқа, бюджет шығыстарын шегергендегі бюджетке түсетін түсімдердің сомасына тең;

2) инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) әзірлеуге қойылатын талаптарды қ а т а ң д а т у .

Инвестициялық жобалар (бағдарламалар) егер олар қабылданған мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалардың және Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдаулары ережелерінің іс-шараларына сәйкес келген жағдайда басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесіне енгізілетін болады. Салалық сараптаманың оң қорытындысының болуы, олардың бекітілген Бағдарламалардың іс-шаралар жоспарына сәйкес келуі, экономикалық сараптаманың оң қорытындысы бар техника-экономикалық негіздемесінің болуы жоғарыда аталған тізбеге енгізудің м і н д е т т і ш а р т ы б о л а д ы ;

3) бюджет процесіне барлық қатысушылардың бюджет заңнамасының талаптарын с а қ т а у ы .

Жоғарыда аталған заңды іске асыру үшін қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде.

2007 - 2009 жылдары түпкі нәтижелерге қол жеткізуге бағдарланған, мемлекеттік органдарға бюджет қаражатын қалыптастыру және пайдалану кезінде көбірек дербестік беруді, нысаналы индикаторлар енгізуді және есептіліктің, ішкі және сыртқы бақылаудың жаңа жүйесін құруды көздейтін жүйе құру мақсатында бюджеттік жоспарлауды жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады.

Бюджетті жоспарлау және атқару жөніндегі рәсімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар мынадай қағидаттарға негізделетін болады:

стратегиялық, орта мерзімді мақсаттармен, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамыту және экономиканың бәсекеге қабілеттігін орнықты өсіру міндеттерімен үйлестіру;

республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының және экономиканың бәсекеге қабілеттігін орнықты өсірудің стратегиялық, орта мерзімді міндеттерінің индикаторларына сәйкес келетін түпкі нәтижелерге және нысаналы индикаторларға қол жеткізу; корпоративтік басқару;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне көбірек дербестік беру және іске асырылатын бағдарламалардың түпкі нәтижелеріне қол жеткізу үшін олардың жауапкершілігін күшейту;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ағымдағы және күрделі шығыстарын қалыптастырудың объективтілігіне қол жеткізу;

бюджетті әзірлеу және атқару жөніндегі рәсімдерді ықпалдастыру; мемлекеттік органның ішінде және мемлекеттік органдардың арасында бюджетті атқару рәсімдерінде қайталанатын іс-қимылдарды болдырмау;

ақпараттық жүйелерді оңтайлы қолдана отырып, бюджетті жоспарлау және атқару кезеңінде еңбек өнімділігін арттыру.

4. Фискалдық саясаттың мақсаттары мен міндеттері

Орта мерзімді кезеңде фискалдық саясаттың негізгі мақсаты экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету, экономиканың шикізат емес салаларын әртараптандыруды және дамытуды ынталандыру, салық жүктемесін ұлғайтпай мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді барынша ұлғайту, мемлекеттік шығыстардың ұстамды фискалдық саясатын жүргізу, бюджетаралық қатынастарды және мемлекеттік борышты басқаруды жетілдіру бо лы п та бы ла ды .

Орта мерзімді кезеңде осы мақсатқа қол жеткізуге мынадай негізгі міндеттерді ш е ш у ы қ п а л е т е т і н бо ла ды :

бюджет заңнамасы, бюджетті жоспарлау және атқару рәсімдерін жетілдіру;
мемлекеттік шығыстардың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру;
бюджеттің мұнай емес тапшылығын қысқарту;
стратегиялық, орта мерзімді, жылдық бағдарламаларды және даму
жоспарларын республикалық бюджетпен үйлестіру;
жүргізіліп жатқан әлеуметтік реформаларды қаржылық қамтамасыз ету, білім беруді, денсаулық сақтауды, ауыл шаруашылығын және қоғамдық инфрақұрылымды да м ы т у ;

көлеңкелі экономиканың үлесін азайту;
бюджетаралық қатынастардың ашықтығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету;
Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану тетігін жетілдіру;
жүргізіліп отырған жинақтар саясатын ескере отырып, республикалық бюджет тапшылығының және мемлекеттік борыштың оңтайлы өлшемдерін айқындау;
үкіметтік борыш құрылымындағы сыртқы борыш үлесін біртіндеп азайту.

5. Кірістер саясаты

Ескерту. 5-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.25. N 823 , 2007.05.21 . N 396 , 2007.10.16. N 953-2 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының алдында тұрған басым міндеттердің бірі экономиканың шикізат емес салаларында бәсекеге қабілетті өнім өндіруге қабілетті экономиканы дамытудың жаңа сапалық деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекет жүргізіп отырған экономикалық саясат индустриялық дамуды, экономиканы әртараптандыруды, оның өсу көзін шикізат емес секторға ауыстыруды ынталандыруға ба ғ ы т т а л ғ а н .

Соңғы бірнеше жылдар бойы экономикаға салық жүктемесін азайту және бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық өндірістердің дамуын ынталандыратын нормаларды енгізу арқылы салық заңнамасын жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілді.

Мәселен, салық жүктемесін азайту жөніндегі міндеттерді іске асыру экономиканың жаңа салаларын әртараптандыруды ынталандыру және дамыту мақсатында 2007 - 2009

жылдары салық саясатының негізгі бағыттары:
элеуметтік салық пен қосылған құн салығының ставкаларын азайту, бұл өндірістің одан әрі дамуына және кеңеюіне бағытталған;

Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін күшейту мақсатында халықтың әл-ауқатының өсуі кезінде салық ауыртпалығын заңды тұлғалардың кірістерінен жеке тұлғалардың кірістеріне біртіндеп қайта бөлу мүмкіндігін қарастыру;

жеке тұлғалардың кірістерін жалпыға бірдей декларациялауға көшу мүмкіндігін қарастыру;

салықтық әкімшілендіру бөлігінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, одан әрі заңнаманы жетілдіру болады деп күтілуде.

Бюджеттің 2007 - 2009 жылдарға арналған кірістері Қазақстан Республикасының элеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді кезеңге арналған макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы, 2006 жылғы 1 шілдеден бастап Ұлттық қор тұжырымдамасының қолданысқа енгізілуі және Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған салық саясатының негізгі бағыттары негізінде айқындалды.

Ұлттық қордың тұжырымдамасына сәйкес Ұлттық қорға түсетін мұнай түсімдерінің болжамы 2007 жылы ЖІӨ-ге 7,2%-ды, 2008 жылы ЖІӨ-ге 7,4%-ды, 2009 жылы ЖІӨ-ге 7,2% - ды құрайды.

Мемлекеттік бюджетке түсетін мұнай емес түсімдердің 2007 - 2009 жылдарға арналған болжамы 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Ескерту. 2-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.10.16. N 953-2 қаулысымен.

Мемлекеттік бюджетке түсетін мұнайға қатысты емес кірістердің 2007-2009 жылдарға арналған болжамы ЖІӨ-ге пайызбен

Атауы	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл
Мұнайға қатысты емес кірістер	19,0	18,9	19,0
салықтық түсімдер	17,0	18,3	18,5
салықтық емес түсімдер	1,1	0,3	0,3
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,9	0,3	0,2

Салықтық емес түсімдердің 2007 жылы ЖІӨ-ге қатысты 1,11%-дан 2008 жылы 0,32%-ға төмендеуі түсімдердің біржолғы төлемдеріне байланысты.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 2008 жылы ЖІӨ-ге 0,89%-дан 2009 жылы ЖІӨ-ге 0,24 %-ға дейін төмендейді, осыған байланысты 2008 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде

азаматтарға пәтер сатудан түсетін қаражат түсімдері көзделмейді.

Мұнай емес сектордың мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдері өсуінің орташа қарқыны 2007 - 2009 жылдары 116,6 % деңгейінде болады деп күтілуде.

6. Шығындар саясаты

Ескерту. 6-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.25. N 823 , 2007.05.21 . N 396 , 2007.10.16. N 953-2 қаулыларымен.

Орта мерзімді кезеңде жүргізілетін шығындар саясаты: мемлекеттік бюджет шығыстарының өсу қарқыны экономиканың өсу қарқынымен түзетілетін болғанда;

мұнай емес тапшылықтың төмендеуіне қол жеткізілгенде шектеуші бюджет саясатын жүргізу жолымен мемлекеттік шығыстардың тиімділігін және нәтижелілігін арттыруға бағытталады.

Мемлекеттік бюджет шығыстарының құрылымында 2007 - 2009 жылдары мыналар басым бағыттар болып табылады:

денсаулық сақтау мен білім беруді дамыту;
элеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету;
индустриялық-инновациялық даму;
аграрлық-индустриялық саясатты іске асыру;
тұрғын үй саясатын іске асыру;
қоршаған орта сапасын тұрақтандыру;
көлік-коммуникация кешенін дамыту;
шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;

Астана қаласын және экономикалық өсудің өңірлік орталықтарын дамыту.

Орта мерзімді кезеңде денсаулық сақтау саласындағы бюджет саясаты халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыруға, оның артықшылықтары туралы хабардар болуын, денсаулық сақтау үшін мемлекет пен адам арасындағы ортақ жауапкершілікті жоғарылатуға, бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде денсаулықты және аурулардың алдын алу жүйесін нығайтуға, азаматтардың сапалы медициналық және дәрілік көмекке қол жетімділігін арттыру жолымен халық денсаулығын жақсартуға, еркін медициналық сақтандыруды дамытуды ынталандыруға бағытталады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамыту бағдарламасы) іске асыру шеңберінде 2007 - 2009 жылдары алғашқы медициналық-санитарлық көмек сапасын қамтамасыз ету және ана мен бала денсаулығын нығайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру жалғасатын болады.

Бұдан басқа, Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамыту бағдарламасының мынадай іс-шараларын іске асыруды жеделдету жөніндегі шаралар қабылданатын

болады: балалар және бала босандыру ұйымдарының жарактандырылуын медициналық жабдықпен жарактандырудың ең төменгі нормативіне дейін жеткізу, санитарлық-эпидемиологиялық зертханаларды кезең-кезеңімен жаңартуды жүргізу, АҚТҚ жұқтырған және ЖҚТҚ-мен ауыратындар "АҚТҚ-инфекциялары мен ЖҚТҚ кезінде диагностика, емдеу және медициналық көмек ұсынудың мерзімді хаттамаларын (стандарттарын) енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 12 ақпандағы N 150 бұйрығына сәйкес ретровирусқа қарсы терапиямен қамтамасыз етілетін болады.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының Жолдауларын іске асыру үшін:

Астанада осы заманғы медицина ғылымының, практикалық денсаулық сақтаудың жетістіктерін біріктіретін орталықтардың базасында медициналық қызметтердің осы заманғы, инновациялық және серпінді кластері, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі беделді университет құрылатын болады;

элеуметтік инфрақұрылымды дамыту шеңберінде 100 мектептің және 100 аурухананың құрылысы басталады;

медицина қызметкерлеріне еңбегінің түпкі нәтижесіне қарай еңбекақы төлеуге оның сапасын, көрсетілетін медициналық көмектің көлемі мен күрделілігін, сондай-ақ біліктілік деңгейін ескере отырып, жаңа ұстанымдар жалғастырылатын болады.

"Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады.

Заңнамалық кесімдерді жүйелендіру және саланы басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында 2007 жылы Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекс әзірленетін болады.

Білім беру саласындағы бюджет саясаты әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті және экономиканың индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктеріне сай келетін білім беру тиімділігінің жоғары жүйесін қалыптастыруға бағытталатын болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады.

2007 - 2009 жылдары барлық деңгейдегі Білім берудің сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін енгізу жалғасады.

Кейбір жоғары оқу орындарында техникалық мамандықтар бойынша жаңа магистрлық және докторлық бағдарламалар енгізілетін болады. Магистранттарды оқыту магистрлер даярлаудың мазмұны мен шарттарына қойылатын талаптардың деңгейін едәуір арттыруды көздейтін озық әлемдік тәжірибені ескере отырып, әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Докторантура біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың соңғы білім беру деңгейі болады. Магистратураға мемлекеттік тапсырыспен жаңа бағдарламалар бойынша жыл сайынғы қабылдау 2500-ден астам

адамды, докторантураға 100 адамды құрайды.

Кредиттердің қайтарылуына мемлекеттің кепілдігін беруді қамтамасыз ете отырып, екінші деңгейдегі банктер арқылы студенттерге кредит берудің осы заманғы жүйесін іске асыру, ұлттық жоғары оқу орындарына шетелдік оқытушы консультанттарды т а р т у к ө з д е л і п о т ы р .

"Болашақ" бағдарламасы шеңберінде әлемнің жетекші оқу орындарына оқуға жыл сайын үш мың үздік студентті жіберу жалғасады.

Кәсіптік мектептерді, жоғарғы оқу орындарын, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру ұйымдарын мультимедиялық кабинеттермен және физика, химия, биология кабинеттерімен жарақтандыру жолымен жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық базасы жаңартылады, мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру объектілері күрделі жөндеуден өткізіледі және қалалар мен облыс орталықтарында білім беру объектілері салынатын болады.

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында "Білім туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданады және Білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л е т і н б о л а д ы .

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде мектепке дейінгі оқытумен қамту жөніндегі шаралар қабылданып болады.

Жалпы орта білім беру жүйесінде сараланған ұстанымдарды айқындау және кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарында оқуды жалғастыру үшін жағдай ж а с а у ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Оқу процесіне ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу, оның ішінде мультисервистік ақпараттық-білім беру жүйесін құруға бағытталған» Интерактивті мектеп" аппараттық-бағдарламалық кешені" жобасын іске асыру ж а л ғ а с а д ы .

Кәсіптік бастауыш және орта білім беру жүйесінде жұмыс берушілер мен білім беру жүйесі арасында әлеуметтік әріптестікті дамыту, оқу және зертханалық жабдықтарды жаңарту, кәсіби даярлық сапасын, техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандықтары бойынша біліктілікті беру мен растауды тәуелсіз бағалау жүйесін енгізу жөніндегі шаралар қабылданып болады.

Кәсіптік жоғары білім беру жүйесінде білім беру қызметтерінің сапасын кезең-кезеңімен арттыру, "еңбек нарығының талаптарына сәйкестік" және "жоғары оқу орны мен мамандық мәртебесіне байланысты гранттың құнын сараландыру" қағидаттарының негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру, білім беруге мемлекеттік-жеке меншік кредит беру жүйесін жетілдіру, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестікті дамыту, техникалық білім беруді дамыту бойынша күш-жігерді шоғырландыра отырып, жоғары оқу орындары желісін оңтайландыру ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Біліктілігі жоғары басқарушы кадрларды даярлау сапасын арттыру үшін кадрлар даярлау саласындағы халықаралық ынтымақтастық өрістейді және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы базасында халықаралық стандарттарға жауап беретін ұлттық басқару мектебі құрылатын болады.

2007 - 2009 жылдары әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек саласындағы бюджет саясатының негізгі мақсаттары әлеуметтік қамсыздандырудың қаржылық орнықты, әлеуметтік әділ үш деңгейлі жүйесін дамыту, атаулы әлеуметтік көмекті күшейту болып табылады.

Атап айтқанда, мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды халықаралық стандарттарға кезең-кезеңімен жақындату, әлеуметтік төлемдердің мөлшерін одан әрі кезең-кезеңімен арттыру, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, халықтың тұрмыс деңгейін бағалаудың халықаралық стандарттарын енгізу жөнінде жұмыстар жүргізу көзделіп отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады.

Мемлекет басшысының 2006 жылғы 1 наурыздағы Жолдауына сәйкес 2006 жылғы 1 шілдеден бастап өңірлік әскери жанжалдарға қатысушылар мен халықтың кейбір басқа да санаттары үшін арнайы мемлекеттік жәрдемақылар мөлшері ұлғайтылды.

Бұдан басқа, 2006 жылғы 1 шілдеден бастап әлеуметтік құрылымдар зейнеткерлерінің зейнетақы төлемдерін біржолғы сараланған арттыру көзделген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап республика азаматтарының әлеуметтік қорғалуын одан әрі арттыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылатын болады:

базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 пайызын құрайтын болады, бұл Қазақстанның зейнетақымен қамсыздандыруының халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді; зейнетақы заңнамасында көзделген зейнетақыларды есептеу үшін есепке алынатын кірісті шектеуді 15 АЕК-дан 25 АЕК-ға дейін өзгерту көзделіп отыр, бұл бұрынғы еңбек үлесіне зейнетақылардың мөлшерін тағайындау кезінде әділдікті қамтамасыз етеді;

зейнетақы төлемдерінің сатып алу қабілетін тұрақтандыру мақсатында тұтыну бағалары индексінің болжамды өсуін 2%-ға арттыру жүзеге асырылатын зейнетақы төлемдерін индекстеу сақталатын болады;

азаматтық қызметшілер үшін еңбек демалысына шыққан кезде бір лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы, сондай-ақ 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап зиянды және ауыр еңбек жағдайында өтілін өткерген адамдар үшін арнайы жәрдемақылар (N 2 тізім бойынша) енгізілетін болады;

бала тууына байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері арттырылатын болады ;

жұмыс істейтін әйелдер үшін жүктілікті, босануды және аналық кезін міндетті әлеуметтік сақтандыруды енгізу жоспарланып отыр, бұл ретте баланы бір жасқа толғанға дейін оның күтімі жөніндегі декреттік демалыста жүрген кезеңде олардың зейнетақы жинақтары жалғасатын болады.

2007 жылдан бастап зейнетақылар мен жәрдемақылар "айдан айға" қағидаты бойынша төленуде .

Елге қоныс аударушылардың ағынын одан әрі ынталандыру, демографиялық ахуалды жақсарту және Қазақстан Республикасының халық санының өсуін қамтамасыз ету мақсатында 2007 - 2009 жылдары көші-қон квотасы бойынша келген жыл сайын 15000 отбасын құрайтын оралмандар отбасыларын көшіруді ұйымдастыруға, әлеуметтік қорғауға және тұрғын үймен қамтамасыз етуге бюджет қаражаты бөлінеді. Бұдан басқа, оралмандардың көші-қон квотасына оралмандарды қосудың өлшемдері айқындалатын болады .

2007 - 2009 жылдары мәдениеттің осы заманғы дамыған жүйесін қалыптастыруға, бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті нығайтуға, тарихи-мәдени мұраны сақтау мен дамытуға, қоғамдағы және мемлекет құрылымындағы демократиялық бастаулар мен ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға бағытталған жағдайды қамтамасыз ету және халықтың дене шынықтыру және халықаралық спорт аренасындағы қазақстандық спортшылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін спортты дамытудың тиімді жүйесін құруға арналған мемлекеттік бюджеттің шығыстары көзделген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 ақпандағы N 3859 Жарлығымен бекітілген "Жібек жолы тарихи орталықтарын қайта өркендету түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау", Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1009 қаулысымен бекітілген "Көне Отырарды қалпына келтіру" 2005-2009 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады.

2007 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1673 Жарлығымен бекітілген Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аяқталады.

Осы бағдарламаны іске асыру жөніндегі жүргізіліп отырған іс-шаралар тұрақты негізде мәдени-ізгілік байланыстарды қолдау, шетелде тұратын отандастарды Қазақстан Республикасының оқу орындарында оқытуға даярлау және оларды ақпараттық қамтамасыз ету үшін жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қарашадағы N 1161 қаулысымен бекітілген Мәдениет саласын дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған

бағдарламасын іске асыру классикалық және халық өнерінің үздік дәстүрлері негізінде мәдениетті дамыту үшін жағдай қалыптастыруға ықпал етеді.

Этностық және конфессиялық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру, қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті азайту үшін негіз құруға мүмкіндік береді, әлеуметтік практикаға толеранттық мінез-құлық нормаларын және экстремизмнің алдын алу және оған қарсы әрекет ету тетіктерін енгізуді қамтамасыз етеді, қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайлардың өзгеруіне икемді ден қою үшін жағдайлар жасайды.

Қазақстанның тартымды туристік объект ретіндегі беделін қалыптастыру, ұлттық туризм өнімдерін қалыптастыру және оның әлемдік деңгеймен салыстыруға болатын сапасын қамтамасыз ету, саланы мемлекеттік реттеуді қолдау және оның оңтайлы әдістерін таңдау негізінде туризмді кешенді дамыту мақсатында Туризм саласын дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған бағдарламасы іске асырылатын болады.

Азаматтық қоғамды дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған тұжырымдамасы демократиялық процестер мен азаматтық қоғам институттарын біртіндеп дамытуға бағытталатын болады. Оны іске асыру шеңберінде Демократиялық дәстүрлерді қорғау жүйесі қалыптасады және Қазақстан Республикасындағы демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасалады.

Мемлекеттік ақпараттық саясатты одан әрі жетілдіру және қазақстандықтардың саяси, құқықтық мәдениетін арттыру жұмысын жалғастыру мақсатында ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006 - 2009 жылдарға арналған тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленуде.

Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде дене шынықтыру және спорт құралдарымен халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорт резервін, халықаралық сыныпты спортшылар даярлау жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар кешені іске асырылатын болады.

Мұрағат ісі жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының мұрағат ісін және құжаттама жүйелерін дамытудың 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасы жүзеге асырылатын болады.

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі әкімшілік реформа жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады, онда мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымын оңтайландыру жолымен мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін нақты әрі оңтайлы қайта бөлу және бекіту, бюджеттік қатынастар жүйесін жетілдіру, мемлекетке тән емес функцияларды

бәсекелі секторға беру қарастырылады.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеуді жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ мемлекеттік қызметші болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің және қазынашылық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа ұстанымдары әзірленуде.

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне олардың қызметінің тиімділігін бағалау негізінде жұмыстың үздік нәтижелерін көрсететін, сыйлықақы беру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру нәтижелеріне қарай мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге сыйлықақы беру жүйесі қалған мемлекеттік органдарға енгізілетін болады.

2007 жылы бюджет саласы қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілердің жалақысы орта есеппен 30 %-ға ұлғаяды.

Қорғаныс мұқтаждарына арналған шығыстарды жоспарлаудың негізі Қазақстан Республикасының әскери доктринасы болып табылады, оған сәйкес қорғанысқа арналған шығыстардың көлемі ЖІӨ-нің кемінде 1%-ы мөлшерінде көзделеді, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің әскери-саяси, стратегиялық, экономикалық және техникалық негіздері мен халықаралық әскери ынтымақтастығы айқындалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1383 қаулысымен бекітілген Төтенше жағдайлардың алдын алудың және оларды жоюдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004 - 2010 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады.

Жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің сыртқы және ішкі қауіптерден қорғалуын қамтамасыз ету үшін әлемдегі террористік агрессия жағдайларында мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінің зор маңызы бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1355 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғасады.

Атқарушы билік реформасы мен сыбайлас жемқорлыққа және қылмысқа қарсы күрес шеңберінде, сондай-ақ мемлекеттік органдардың халықпен өзара іс-қимылын оңайлату және олардың арасындағы тікелей байланыстарды барынша азайту мақсатында Халыққа "жалғыз терезе" қағидаты бойынша қызмет көрсететін орталықтар құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Халықтың қалың бұқарасының тұрғын үйге қол жеткізуін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен

бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен арзан коммерциялық және коммуналдық тұрғын үй салу, Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі салымдар бойынша сыйлықақылар төлеу, жер учаскелерін беру және жеке жаппай құрылыс аудандарына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу жүзеге асырылады.

Қолдағы тұрғын үй қорын тиісті пайдалану мен ұстауды, онда тұрудың қауіпсіз әрі ыңғайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламаның ж о б а с ы ә з і р л е н д і .

2007 - 2009 жылдары бюджет қаражатының едәуір үлесі аграрлық өндірісті қайта өрлетуге және дамытуға, ауылдық инфрақұрылымды құруға және ауылдағы тұрмыс деңгейін жоғарылатуға бағытталады.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, астықтың экспорттық әлеуетін ұлғайту, отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдау және астық бағасы демпингінің алдын алу үшін жыл сайын мемлекеттік ресурстарға белгіленген баға бойынша астық сатып алынады, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге аванс беруге мүмкіндік беретін фьючерстік екі деңгейді астық с а т ы п а л у е н г і з і л д і .

Кедейшілік пен жұмыссыздықты азайту, халықтың кірістері мен тұрмыс деңгейінің өсуі, экономиканың басқа салалары көлемінің өсуін қамтамасыз ету, салық базасын кеңейту және бюджетке түсетін кірістер түсімін ұлғайту ауыл шаруашылығын қолдаудың мультипликативтік әсері болады.

Субсидиялау жолымен ауыл, су шаруашылығын мемлекеттік қолдау көзделіп отыр, мұндағы шаруашылық жүргізудің қолайсыз әрі тәуекелді жағдайлары мемлекет көмегін а қ т а й д ы .

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау мақсатында, сондай-ақ ауылдық аумақтарды кешенді дамыту және ауыл тұрғындарын ұлттық стандарттағы өмір сапасы бар қалыпты өмірмен қамтамасыз ету үшін Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы іске асырылатын болады.

Аграрлық азық-түлік нарығында бәсекелестікті дамыту және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсаттарына сай келетін аграрлық-индустриялық саясатты іске асыру үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы мәжілісінде Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлданды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысымен оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар

жоспары бекітілді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысымен осы тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралардың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі шеңберінде әлемдік нарықтағы толыққанды әріптес ретінде және адамның өмірі мен денсаулығы және тұтынушылардың мүдделерін қорғау үшін азық-түлік өнімінің қауіпсіздігін генетикалық түрлендірілген объектілер мазмұнының сандық және сапалық құрамдарын айқындауға арналған зертханаларды қоса алғанда, ветеринарлық-санитарлық және ветеринарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың мемлекеттік зертханаларының қызметін ұйымдастыру жолымен олардың материалдық-техникалық базасына және персоналға қойылатын халықаралық талаптарға сәйкес қамтамасыз ету мақсатында " Азық-түлік өнімінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

Халықты сапалы ауыз сумен одан әрі қамтамасыз етуге және су ресурстарының тапшылығын қысқартуға бюджет қаражатын бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысымен бекітілген 2002 - 2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасы аумақтарының орманды жерлерін ұлғайту және елді мекендерді көгалдандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 632 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын көгалдандырудың 2005 - 2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасын іске а с ы р у ж а л ғ а с а д ы .

2006 - 2010 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығымен қараңыз.U101105 бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын және онда көзделген жұмыстардың екінші кезеңін іске асыру жалғасады. Көмірсутектерді теңізде өндірудің және Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің бірінші мұнай-газ жобалары бойынша экономикалық нәтижелердің өсуі болжанып отыр. Бұл ретте теңіз мұнай-газ (теңіз операцияларын жүргізу үшін импорт алмастыру) кешені үшін негізгі отандық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі артатын болады.

Қоршаған ортаны қорғау жөнінде тиімді әрі пәрменді шаралар қабылдау үшін қолданыстағы тиісті бағдарламалар шеңберінде қоршаған ортаның ластану деңгейін азайту және оның мониторингін жетілдіру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

2007 жылдан бастап дамыған мемлекеттердің үздік үлгілері бар ұлттық заңнаманы үйлестіруді қамтамасыз ететін Экологиялық кодекс қолданысқа енгізілетін болады,

оның негізінде өнім сапасы мен экологиялық менеджменттің халықаралық стандарттарын, рұқсаттар мен лицензиялар беру жүйесі бойынша табиғат пайдалануды экологиялық реттеудің еуропалық моделіне көшу, жаңа, экологиялық таза, ресурс және энергия үнемдеуші технологиялар енгізу бағыттарына мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру, сондай-ақ өндірістік және қоғамдық бақылауды дамыту, қоршаған ортаны жақсарту, сумен жабдықтау, су тарту және қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі іс-шараларға қаржылық даму институттарын тарту мүмкін болады.

Ұзақ мерзімді перспектива шеңберінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысында дамыту тұрақтылығын инвестициялау ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуге, жаңартылып отыратын энергетикалық ресурстар (су энергиясы, жел және күн энергиясы) әлеуетін пайдалануға Қазақстан ратификациялаған жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгерісі туралы шектеулі конференциясына Киото хаттамасының тетіктерін пайдалана отырып, парник газының шығарындыларын азайтуға бағытталған жобаларды қаржыландыруға негізделеді.

Өзен экожүйесіне түсетін ауыртпалықты азайту және олардың ластануы мен қоқыстануын болдырмау мақсатында ірі елді мекендердегі ағынды суларды тазарту жөніндегі іс-шараларға инвестициялар жүзеге асырылатын болады.

Жануарлар дүниесін сақтау және қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 наурыздағы N 267 қаулысымен бекітілген Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтаудың және қалпына келтірудің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады.

2007 - 2009 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға арналған стратегиясының екінші кезеңін іске асыру жалғасатын болады. Осы кезеңде негізінен ғылыми-инновациялық инфрақұрылым қалыптасады және өнеркәсіпті жаңғыртуға және экономиканың құрылымын әртараптандыруға бағытталған серпінді жобаларды іске асыру басталатын болады.

Экономиканың шикізат емес салаларындағы инвестициялық белсенділікті ынталандыру жөніндегі шаралардың бірі Қорлар қорын құру жобасы шеңберінде Қазақстан-қытай инвестициялық қорын қалыптастыру болады.

Отандық және шет елдік ғылыми әлеуетті пайдалану негізінде бәсекеге қабілетті түпкі өнім жасауды қамтамасыз ететін ашық түрдегі инновациялық жүйе қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005 - 2015 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жалғасатын болады.

Көлік-коммуникация кешенін тұрақты және қарқынды дамыту мақсатында

экономика мен халық тарапынан көлік қызметтеріне сұраныс өзгерген кезде жедел ден қоюды қамтамасыз ету және оны толық көлемде қанағаттандыру көзделеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 86 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы бекітілді, темір жол, автомобиль, қалалық жолаушылар, көліктің әуе және су түрлерін қамтылған, олардың дамуы мен тиімді жұмыс істеуі айтарлық дәрежеде мемлекеттің саясатына тәуелді.

Қазіргі заманғы инфрақұрылымды, оның ішінде экономикалық өсудің өңірлік орталықтарын қалыптастыруға бағытталған дамытуға үлкен рөл берілген.

2007 - 2009 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1227 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2006 - 2012 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады. 2007 жылдан бастап бағдарламада ауылдық жерлердегі елді мекендердің автомобиль көлігі қатынасына жыл бойы қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында ауылдық автомобиль жолдарын бірте-бірте қалпына келтіру көзделген.

Қазақстанның климат жағдайын ескере отырып, автомобиль жолдарын салу мен ұстаудың халықаралық стандарттарына көшу жөніндегі жұмыс жүргізу жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасындағы ғарыш қызметін одан әрі дамыту, оның ішінде байланыс пен хабар таратудың қазақстандық ғарыш жүйесін дамыту және "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" зымыран-ғарыш кешенін құру жалғасады.

Тарифтерді кезең-кезеңімен қайта теңгерімдеуді жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл ретте қалаларда тарифтерді толық қайта теңгерімдеуді жүзеге асыру және оларды нарықтық негізделген деңгейге дейін жеткізу ұйғарылып отыр. Ауылдық жерлердегі қайта теңгерімдеу тарифтерінің төмендеуі болжанып отырған қалааралық және халықаралық байланыс қызметтері бойынша жүзеге асырылады.

2007 - 2009 жылдары инвестициялық саясатты қалыптастыру Орта мерзімді жоспар шеңберінде және орта мерзімді кезеңге бекітілген басым инвестициялық жобалар (бағдарламалар) тізбесіне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Даму бағдарламалары шеңберінде шығыстар саясаты бюджет заңнамасының ережелерін қатаң сақтауға және мемлекеттік инвестицияларды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталады.

Мемлекеттің фискалдық саясатының негізгі өлшемдерінің бірі мұнай емес бюджеттің тапшылығы болады, өйткені ұзақ мерзімді жоспарда экономиканың дамуын шикізаттық емес сектор айқындайтын болады.

Экономикалық өсу жағдайында, әсіресе табиғи ресурстардың бір бөлігін қаржы активтеріне айырбастауға ұмтылушы елдер үшін экономиканың "қызып кетуін" болдырмау мақсатында бюджет тапшылығы мен мемлекеттік борыш мөлшерін қысқартудың орынды екендігіне әлемдік тәжірибе куә.

Мемлекеттік бюджеттің мұнай емес тапшылығы 2007 - 2009 жылдары ЖІӨ-ге 4,0%-

дан ЖІӨ-ге 2,9%-ға дейін төмендетілетін болады.

Ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан Республикасының Үкіметі жүргізіп отырған фискалдық саясат мұнай емес тапшылықты бірте-бірте одан әрі ЖІӨ-ге 1-2%-ға дейін азайтуға бағыттталатын болады.

Орта мерзімді перспективаға арналған даму бюджетінің болжамына негізделе отырып, Ұлттық қордан кепілдік берілген трансферттің мөлшері 2007-2009 жылдары тиісті жылдың басындағы қор активтерінің орта есеппен 13,0 %-ын құрайтын болады.

Бұл ретте, Ұлттық қор активтері өсуінің орташа қарқыны 135,9%-ды, ал оның мөлшері 2009 жылға қарай ЖІӨ-ге 25,6%-ды құрайды.

Ұзақ мерзімді перспективада фискалдық саясат республикалық бюджетке Ұлттық қордан кепілдік берілген трансферттің қор активтерін басқарудан түсетін инвестициялық кіріске тең мөлшеріне жеткізуге бағыттталатын болады.

Кепілдік берілген трансфертті бюджетке аударудың осындай нысаны Ұлттық қордың жеткілікті мөлшеріне қол жеткізгенде мүмкін болады және қазіргі кезде мұнай қорынан ел бюджетіне берілетін трансферттің сомасы қор активтерін басқарудан түсетін инвестициялық кіріске сәйкес келетін Норвегияда іс жүзінде қолданылады.

Ұлттық қордың активтерін басқарудан түсетін инвестициялық кіріс қорда қаражат жинақтаудың тиімді саясатын жүзеге асырған және мұнай бағасына қолайлы әлемдік конъюнктура болған жағдайда 2015 жылдан кейін бюджетке қажетті трансферттің көлеміне сәйкес келуі мүмкін екендігін болжамды есептеулер көрсетіп отыр. Бұл ретте, қор активтерін басқарудан түсетін инвестициялық кірістің күтілетін болжамы жылдық м ә н д е 4 % - ғ а т е ң .

Шығыстар саласында шектеу саясатын жүргізуге қарамастан, мемлекеттің шығыс міндеттемелерін толық қаржылық қамтамасыз етуі, мемлекеттің тиісті сапада базалық қызметтерді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу қажеттілігі, әлеуметтік шығыстарды халықтың неғұрлым әлеуметтік қорғалмаған санаттарының пайдасына қайта бөлу негізінде әлеуметтік теңсіздікті азайту, кедейшілік деңгейін төмендету, өмір сүру сапасын жақсарту сияқты факторлар ескерілетін болады.

Мемлекеттік бюджеттің шығыстары 2007 жылы ЖІӨ-ге 23,1%, 2008 жылы - 22,5%, 2009 жылы - 21,9% болжанып отыр.

3-кесте

Ескерту. 3-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.10.16. N 953-2 қаулысымен.

Мемлекеттік бюджет шығыстарының 2007-2009 жылдарға арналған болжамы

Атауы	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл			
ЖІӨ-ге %-бен	үлесі, %	ЖІӨ-ге %-бен	үлесі, %	ЖІӨ-ге бен	үлесі, %	
Шығыстар	23,1	100,0	22,5	100,0	21,9	100,0

Жалпы мемлекеттік сипаттағы қызметтер	1,2	5,2	1,2	5,3	1,2	5,3
Қорғаныс	1,3	5,4	1,4	6,2	1,4	6,2
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1,9	8,1	1,8	7,9	1,6	7,5
Білім беру	3,7	16,2	3,7	16,4	3,8	17,6
Денсаулық сақтау	2,5	11,0	2,7	11,8	2,8	13,0
Әлеуметтік және әлеуметтік көмек қамсыздандыру	4,0	17,2	3,8	17,1	3,7	17,1
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1,4	5,9	1,4	6,2	1,4	6,3
Мәдениет, туризм және спорт, және ақпараттық кеңістік	0,9	4,0	0,9	3,8	0,8	3,8
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	0,7	3,0	0,6	2,6	0,4	2,0
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	1,1	4,6	1,2	5,3	1,2	5,3
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	0,1	0,3	0,05	0,2	0,05	0,2
Көлік және коммуникация	2,2	9,7	2,0	9,1	1,8	8,2
Өзгелер	1,9	8,2	1,4	6,4	1,3	5,9
Борышқа қызмет көрсету	0,3	1,1	0,4	1,7	0,3	1,4

7. Бюджеттік кредит беру

2007 - 2009 жылдарға арналған бюджеттік кредит берудің мақсаттары экономика салаларында бәсекелі ортаны қалыптастыру және дамыту, сондай-ақ адам капиталын дамыту болып табылады. Бюджеттік кредит беру мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Бюджеттік кредиттер мынадай негізгі бағыттар бойынша беріледі:
инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қаржыландыру;
мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау;

жергілікті атқарушы органдарға, оның ішінде ағымдағы қаржы жылында жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығының болжамы жағдайында кредит беру; қаржы агенттіктері мәртебесі бар қаржылық даму институттарына кредит р е с у р с т а р ы н б е р у .

Жүргізіліп отырған сыртқы саясатқа қарай бұдан былай қарыз алушылардың санаттары шетелдік мемлекеттермен толықтырылуы мүмкін.

Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы республикалық бюджеттен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға, сондай-ақ қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бюджеттік кредиттер алу нысанында ғана жүзеге асырылатын болады.

Жергілікті атқарушы органдардың кредит саясаты мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік даму бағдарламаларын іске асыруға шоғырландырылады. Жергілікті бюджеттерден бюджеттік кредит беру қарыз беруші банктер мен қаржылық агенттік мәртебесі бар қаржылық даму институттары арқылы жүзеге асырылады.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға бөлінетін бюджеттік қаражаттың тиімді жұмсалуды мақсатында жергілікті атқарушы органдардың борыш лимиттерін ескере отырып, оларды нысаналы кредиттермен ауыстыру мүмкіндігі қаралады.

Республикалық бюджеттік инвестициялық жобаларды қаржыландыру мәселелерін қараған кезде назар пайда әкелуді көздейтін жобалар үшін қайтарымды негізде (толық, не ішінара) қаржы қаражатын бөлу жағына біртіндеп ауысатын болады.

Тұтастай алғанда бұл шаралар бюджет қаражатын тиімді жұмсауға, сондай-ақ түпкі қарыз алушылардың қаржылық тәртібін арттыруға ықпал ететін болады.

8. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар

Орта мерзімді перспективада мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мемлекеттік саясат мемлекетті тиімді меншік иесі және менеджер ретінде қалыптастыруға бағытталған. Қойылған міндетті іске асыру мақсатында мемлекет активтерін басқарудың ашық жүйесін құру және мемлекеттік меншіктің бірыңғай дерекқорын қалыптастыру жөнінде бірқатар іс-шараларды іске асыру көзделіп отыр:

мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелер мен акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі ұйымдардың мүліктерін түгендеуді жүргізу;

қоғамдық маңызды қызметтер көрсету және мемлекеттік қолдауды қажет ететін қызмет салаларын дамыту үшін олардың жұмыс істеу қызметтерінің салаларын айқындау мақсатында жүргізілген талдау деректері негізінде мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі ұйымдардың о ң т а й л ы с а н ы н а ы ң т а у ;

мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің және акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген бәсекелі ортаға берілетін мүліктің тізбесін қалыптастыру.

Мемлекеттің қаржы активтері - жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды

тұлғалар акцияларының мемлекеттік пакеттерін (қатысу үлестерін) және мемлекеттік меншіктің өзге де объектілерін сату - тиісті бағдарламалық құжаттарды іске асыру шеңберінде белгілі бір салалар мен нақты кәсіпорындарға қатысты жекешелендіру мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржы активтерін сатып алу экономиканың стратегиялық салаларына мемлекет тарапынан елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды тиімді дамытуға бағытталған тиісті бақылау орнату құралдарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік меншікке заңды тұлғалардың акцияларын, қатысу үлестерін сатып алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Жалпы мемлекеттік міндеттерді орындау мақсатында экономиканың стратегиялық салаларында жұмыс істейтін, бірақ меншік иелері тиімді басқармайтын кәсіпорындардың акциялары (қатысу үлестері), сондай-ақ қоғамдық және әлеуметтік маңызды кәсіпорындардың акциялары (қатысу үлестері) сатып алу (иелікке алу) объектілері ретінде танылатын болады.

Халықаралық ұйымдардың бағалы қағаздарын сатып алу қолданыстағы заңнама шеңберінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының мүдделерін халықаралық деңгейде қорғауға бағытталады.

9. Бюджетаралық қатынастар

Ескерту. 9-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.25. N 823, 2007.05.21. N 396 қаулыларымен.

Орта мерзімді кезеңдегі бюджетаралық қатынастар саясатының негізгі мақсаты мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріне бекітіліп берілген мемлекеттік қызметтерді толық көрсетуі және өздеріне жүктелген функцияларды жүзеге асыруы үшін оларды жеткілікті қаржы қаражатымен қамтамасыз ету болып табылады.

Бюджетаралық қатынастар Бюджет кодексінде белгіленген қағидаттардан және түсімдер мен шығыстардың бюджет деңгейлері арасында бөлінуінен бастау алады әрі өзара қатынастардың, ең алдымен, облыс-аудан деңгейіндегі анықтығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге, әрбір басқару деңгейінің дербестігін күшейтуге, сондай-ақ тиімді бюджет саясатын жүргізуге бағытталған. Бюджет кодексіне сәйкес бюджетаралық қатынастар трансферттер мен бюджеттік кредиттер арқылы реттеледі, ал облыстық және аудандық бюджеттер арасында бұдан басқа, кірістерді бөлу нормативтерімен реттеледі.

Трансферттер жалпы сипаттағы трансферттер, ағымдағы нысаналы трансферттер, дамуға арналған нысаналы трансферттер болып бөлінеді.

Аумақтардың экономикалық дамуының тым күшті саралануы салдарынан кіріс базасының өңірлер арасында біркелкі бөлінбеуіне байланысты халықтың мемлекеттік

сектордың қызметтер көрсетуіне тең қол жеткізуіне жету үшін өңірлердің бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейін теңестіру саясаты жүргізіледі.

2005 жылдан бастап үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемін айқындау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 916 қаулысымен бекітілген жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесі негізінде жүргізіледі.

Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы бюджеттік субвенциялар мен алулардың 2005 - 2007 жылдарға арналған көлемі "Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2005 - 2007 жылдарға арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдері туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңымен, ал облыстық бюджет пен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері арасында - абсолютті көріністе облыстық мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген. Бюджеттік субвенциялар мен алулар көлемі әр үш жыл сайын өзгеріп отыруы тиіс, осыған байланысты жалпы сипаттағы трансферттер есептерінің жаңа әдістемесі әзірленеді, онда осы саладағы халықаралық тәжірибе мен қолданыстағы әдістеменің кемшіліктері, сондай-ақ оны жетілдіру жөнінде жергілікті атқарушы органдар енгізген ұсыныстар ескерілетін болады.

Әдістеменің негізгі мақсаты бюджет қаражаты есебінен ұсынылатын кепілдендірілген мемлекеттік қызметтерге барлық өңірдегі халықтың бірдей қол жеткізуін қамтамасыз ету болады. Әдістеменің басым бағыттары:

экономикалық дамуда өңірлерді ынталандыру, салық салынатын базаны кеңейту және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуде әкімдердің дербестігін арттыру;

өңірде қызметтер көрсетілетіндердің санын, сол немесе өзге өңірдің ерекшелігіне қарай шығыстардың өзгеруіне әсер ететін факторларды ескеру.

Осы әдістеменің негізінде»"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті арасындағы 2008 - 2010 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданатын болады.

Орта мерзімді кезеңге жалпы сипаттағы трансферттердің мөлшерін бекіту тұрақтылығы жергілікті атқарушы органдардың салық әлеуетін ұлғайтуға мүдделілігін қамтамасыз етеді, өйткені жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттердің үш жылдық Заңның қолданылу кезеңінде алынған қосымша кірістерін өңірді дамытуға жіберуге мүмкіндік алады.

Жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемінің әрекет ету кезеңінде нысаналы ағымдағы трансферттер бюджетаралық қатынастарды реттеу құралы болады.

Алдағы кезеңде төмен тұрған бюджеттерге қосымша функциялардың шығасыларды

тиісті өтеусіз жүктелуіне жол бермеу қағидаты қатаң сақталады.

Жоғары тұрған органдар жалпы сипаттағы ресми трансферттердің үш жылдық көлемінің әрекет ету кезеңінде жергілікті бюджеттер шығыстарының ұлғаюына немесе кірістерінің азаюына әкеп соғатын нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдаған жағдайда, төмен тұрған бюджеттердің шығасыларын өтеу мақсаты ағымдағы трансферттерді бөлу жолымен жүргізіледі.

Нысаналы трансферттер қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік, салалық (секторалдық) немесе өңірлік бағдарламаларды орындауға берілетін болады.

Нысаналы даму трансферттері мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламаларда көзделген жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру үшін беріледі.

Бұл ретте, төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін беру және олардың көлемі өңірлердің білім беру мен денсаулық сақтаудың басым мекемелері желісімен, сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз етілу деңгейін теңестіру міндеттерімен өзара байланысты болады.

Бюджеттік даму бағдарламаларының орта мерзімді кезеңге арналған жергілікті деңгейдегі басым бағыттары, бірінші кезекте ауылдық жерлерде білім беру, денсаулық сақтау, ауыз сумен жабдықтау объектілерін салу және тұрғын үй салу болады.

Нысаналы трансферттерді олардың тек мақсатты бағытына сәйкес пайдалану мүмкіндігіне байланысты, оларды пайдалану тиімділігі мен нәтижелілігіне бақылауды күшейтуге ерекше назар аударылатын болады.

Алдағы үш жылдық кезеңде мемлекеттік басқару жүйесін реттеуге және оның тиімділігін арттыруға, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізуге бағытталған атқарушы билік реформасы жалғасады.

Бұл ретте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тиісті қаржылық қамтамасыз етілуімен бірге мемлекеттік басқару органдарының функциялары беріледі.

Өзін-өзі басқару жүйесін енгізу мақсатында "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді, ол қабылданғаннан кейін Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуды қолдаудың 2007 - 2009 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленетін болады.

10. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару

Ескерту. 10-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.25. N 823, 2007.05.21. N 396 қаулыларымен.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында елдің Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышын басқару жөніндегі тұжырымдама әзірленді.

Көрсетілген Тұжырымдамада мемлекет басым қатысатын акционерлік қоғамдардың борыштарын қоса алғанда, барлық мемлекеттік сектордың борышын ескере отырып,

борышты басқару стратегиясы, мемлекеттік борыш мониторингі мәселелері, жергілікті атқарушы органдардың борыштық міндеттемелерін реттеу мәселелері мен мемлекеттік борышты басқарудың ұйымдық негіздері көрініс тапты. Сондай-ақ, жеке сектордың сыртқы қарыз алуын реттеу жөніндегі саясат айқындалды.

Ұлттық қордың тұжырымдамасына сәйкес Ұлттық қор активтерінің сарқылуына жол бермеу мақсатында бюджет тапшылығын үкіметтік қарыз алу есебінен бюджет тапшылығын қаржыландыру деңгейі бес жылдық кезең үшін орташа жылдық мәнде ЖІӨ-нің 1%-ынан аспайтын мөлшерде шектелетін болады. Бес жылдық перспективада нақты жинақтау мақсатында үкіметтік қарыз алу саясаты кепілдік берілген борышты ескере отырып, үкіметтік борыштың Ұлттық қор активтерінің нарықтық құнына қатысты 50-70 пайыздық арақатынасына қол жеткізуге бағдарланатын болады.

Үкіметтік борыш құрылымындағы сыртқы борыш үлесін біртіндеп азайту жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің саясаты жалғасатын болады. Сыртқы борыштың үлесін азайту республикалық бюджет тапшылығын қаржыландырудың жалпы құрылымындағы сыртқы қарыздар есебінен республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үлесін азайту жолымен жүзеге асырылатын болады.

Осыған байланысты, мемлекеттік бағалы қағаздарды қалыптасқан республикалық бюджеттің нақты атқарылуына қарамастан, бастапқы жоспарланған көлем мен кесте бойынша тұрақты деңгейде шығаруды жүзеге асыру мақсатында бюджет заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері пысықталатын болады.

Үкіметтік қарыз алу мен борыштың көлемін жоспарлау ең алдымен, үкіметтік қарыз алудың, борыштың, оған қызмет көрсету шығындары мен тәуекелдің оңтайлы деңгейін қалыптастыруды ескере отырып, мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталатын болады :

табыстылық ауытқымасын құру үшін қор нарығында бағдар ("benchmark") белгілеу үшін қажетті құрылымы бар мемлекеттік бағалы қағаздардың жеткілікті көлемін ұстау;

жинақтаушы зейнетақы қорларының және қор нарығының басқа да қатысушыларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін борыштық құралдарды, әсіресе, инфрақұрылымдық облигациялардың нарығында баламалы құралдардың дамыту, бұл өз кезегінде қайталама нарықтағы мемлекеттік бағалы қағаздар секторындағы сауда-саттықты жандандыруға алып келуі тиіс;

озық шетелдік тәжірибенің трансферті мақсатында экономиканың басым салаларындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін жеңілдікті жағдайларда сыртқы қарыздарды тарту.

Борыштық құралдар нарығында баламалы құралдарды дамыту мақсатында кепілдеме құралдарын жетілдіру жөніндегі шаралар қабылданатын болады. Бюджет заңнамасында мемлекет кепілдемесін беру лимитін енгізу көзделетін болады.

2007 - 2009 жылдары мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласында жүргізіліп жатқан саясат шеңберінде мынадай міндеттерді шешу

к о з д е л е д і :

1) бюджет тапшылығы мен борыш көрсеткіштері:

Мемлекет басшысы айқындаған міндеттерді ескере отырып, орта мерзімді перспективада мұнайдан тыс тапшылықтың мөлшері мен бюджет теңгерімділігіне қол жеткізуге негізделе отырып, республикалық бюджет тапшылығының параметрлерін айқындау ;

жинақтау саясаты шеңберінде үкіметтік борыштың оңтайлы мөлшерін анықтау;

2) і ш к і қ а р ы з а л у :

жылдар және қағаз түрлері бойынша бөліністегі мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының орта мерзімді кезеңге арналған үлгі схемасын жасау;

ішкі қарыздарды тарту мерзіміне қарай түрлі қарыз алу құралдарын қолдану; нарықтағы ахуалға байланысты қарыз алудың жалпы көлеміндегі индекстелген және купондық міндеттемелер арасындағы оңтайлы ара қатынасты белгілеу жолымен пайыздық тәуекелдерді барынша азайту;

бағалы қағаздар рыногында ("benchmark") бағдарлар белгілеу; жалпы шығару санын азайта отырып, мемлекеттік бағалы қағаздар шығару көлемін ұлғайту ;

айналым мерзімін ұлғайта отырып, пайыздарды төлеудің мерзімділігін азайту; міндеттемелердің орындалмау тәуекелін азайту әрі қысқа және орта мерзімді перспективада ішкі үкіметтік борышты өтеу жөніндегі төлемдер төлеудің ең жоғары шегін төмендету, бұл үшін, негізінен орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығаруға қайта бағдарлану ұйғарылып отыр;

борыштық құралдар, әсіресе инфрақұрылымдық облигациялар рыногында баламалы құралдарды дамыту ;

3) с ы р т т а н қ а р ы з а л у :

Қазақстанның Даму Банкінің жаңа жобаларды іріктеуге және қайтарымды негізде қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың банктік сараптамасын жүзеге асыруға қойылатын талаптарды күшейту;

озық тәжірибенің және сыртқы донорлардың жобаларды іске асыруын бақылау рәсімдерінің трансферті мақсатында экономиканың басым салаларында инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін жеңілдік жағдайларда сыртқы қарыздарды тарту;

республикалық инвестициялық жобалардың тізбесіне қосылатын жобаларды дайындаудың сапасын және сараптамасын жақсарту жолымен қарыз қаражатын тиімді пайдалану ;

теңгенің айырбас бағамы өзгерген жағдайда теріс салдарларды төмендету мақсатында қарыздар валютасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы қарыздар портфелін әртараптандыру;

4) борышты өтеу және оған қызмет көрсету:

үкіметтік қарыздарға қызмет көрсетуде неғұрлым қымбаттарын мерзімінен бұрын

өтеу арқылы үкіметтік борышты белсенді басқару;
жергілікті атқарушы органдардың мерзімі өткен борыштық міндеттемелерді өтеу және реттелмеген борыштық міндеттемелер проблемасын тез арада шешу жөнінде белсенді шаралар қабылдауы;

фискалдық тәуекелдерді болжау - АҚШ долларына шаққандағы теңгенің айырбас бағамының, шетел валюталарының кросс-бағамдарының, пайыздық ставкалардың өзгеруі, әлемдік бағалар конъюнктурасының өзгеруі салдарынан Ұлттық қорға қаражаттың жеткіліксіз түсуі.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мемлекеттік борыштың қауіпсіз деңгейде сақталуын қамтамасыз етуі, оның құрылымын оңтайландыруы бюджеттің тұрақтылығын жоғарылатуы әрі орта және ұзақ мерзімді перспективада елдің ішкі қор нарығының дамуын қамтамасыз етуі тиіс.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік борыш, немесе ЖІӨ-ге 9,5 %-ды құрады, мемлекет кепілдік берген борыш 79264,7 млн. теңгені, 705 071,4 млн. теңгені ЖІӨ-ге 1,1 %-ды құрады.

Мемлекеттік борыш құрылымында үкіметтік борыш 535 534,8 млн. теңгені құрады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышы 161 000,0 млн. теңгені құрады, жергілікті атқарушы органдардың борышы 82 856,7 млн. теңгені құрады.

Мемлекет ұзақ жылдар бойы мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты басқаруды жетілдіруге баса назар аударды.

Бұрын қабылданған шаралар нәтижесінде 2001 жылдан бастап үкіметтік борыш төмендейді.

4-кесте

Ескерту. 4-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.05.21. N 396 қаулысымен.

Көрсеткіштердің атауы	2001	2002	2003	2004	2005	2006
Үкіметтік борыш, млн. теңге	573952,2	579895,9	609592,1	586374,2	535534,8	606431,7
ЖІӨ-ге %-бен	17,6	15,5	13,2	10	7,2	6,0

Үкіметтік борыштың құрылымындағы сыртқы борыштың үлесі де қысқарады.

1-диаграмма

Үкіметтік борыштың құрылымындағы сыртқы борыштың үлесі

(Диаграмманы қағаз мәтіннен қараңыз)